

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

Series «Philological Sciences»

№3(93), 2025

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

Series «Philological Sciences»

№3(93), 2025

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№3(93), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.г.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:
филол. г. д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабинова Д.А.

Редакциялық алқа:
филол. г. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол. г. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.г.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Джолдасбекова Б.У.
пед.г.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Салханова Ж.Х.
филол.г.д., проф., ҚазҰҚызПУ
Кынова Ж.К.
PhD, қауымд. проф.м.а., Т.Жүргенов ат.
Қазақ ұлттық өнер академиясы
Жалалова А.М.
филол.г.д., доцент, Таулы Алтай
мемлекеттік университеті
Алексеев П.В. (Ресей)
филол. г.д., проф., Ресей халықтар
достығы университеті
Бахтикереева У.М. (Ресей)
филол.г.д., проф., Варминь-Мазур
университеті Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Джордж Вашингтон
университеті Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир
университеті Табачникова О.М.
(Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:
филол.г.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 28.09.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16.75 е.б.т.
Тапсырыс 454.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

- Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж.,
Таджибаева Д.М. Лингвоидеологический анализ
оппозиции «воин – солдат» в мире «Атаки титанов»
Хадзимэ Исаямы..... 5
- Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж.,
Таджибаева Д.М. Хадзимэ Исаяманың «Титандарға
шабуыл» әлеміндегі «жауынгер – сарбаз»
оппозициясының лингвоидеологиялық талдауы
Allamuratova A.Zh., Allamuratova G.Zh.,
Tadjibayeva D.M. Linguo-ideological analysis of the
“warrior – soldier” opposition in the world of Attack on
Titan by Hajime Isayama
- Ashimova M.G., Shukenai G.T., Chaltikenova L.A.
Intertext in contemporary conversations: forms and
functions..... 13
- Ашимова М.Г., Шүкенай Г.Т., Чалтикенова Л.А.
Қазіргі әңгімелердегі интертекст: формалары мен
функциялары
Ашимова М.Г., Шүкенай Г.Т., Чалтикенова Л.А.
Интертекст в современных разговорах: формы и
функции
- Канафина З.Т. Эргонимы в спортивной сфере
Казахстана: национально-культурные особенности и
динамика номинации..... 21
- Канафина З.Т. Қазақстандағы спорт саласындағы
эргонимдер: ұлттық-мәдени ерекшеліктері және
номинация динамикасы
Kanafina Z.T. Ergonyms in the sports sphere of
Kazakhstan: national-cultural features and dynamics of
nomination
- Kiklewicz A.K. Criteria of artistry..... 30
- Киклевич А.К. Көркемдік критерийлері
Киклевич А.К. Критерии художественности

Казахский национальный
педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Филологические науки»
№3(93), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатмирова Д.А.
д.филол.н., проф.,
КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Салханова Ж.Х.
д.филол.н., проф., КазНУЖенПУ
Книнова Ж.К.
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени
Т.Жургенова Жалалова А.М.
д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский
государственный университет
Алексеев П.В. (Россия)
д.филол.н., проф., РУДН
Бахтикереева У.М. (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский
университет Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Университет Джорджа
Вашингтона Роллберг П. (США)
PhD, проф., Университет Центрального
Ланкашира Табачникова О.М.
(Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический
университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 28.09.2025.
Формат 60x84 1/8. Объем 16.75 уч-издл.
Заказ 454.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

Пашан Д.М., Жұманқызы А., Батырбекова К.А.
Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы:
элеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық
өзгерістер..... 36
Пашан Д.М., Жұманқызы А., Батырбекова К.А.
Историческое и современное использование казахских
имён: социокультурные факторы и статистические
изменения
Pashan D.M., Zhumankyzy A., Batyrbekova K.A.
Historical and modern use of Kazakh names: socio-cultural
factors and statistical changes

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ LITERARY STUDIES

Адибаева Ш.Т., Абуова Б.П. Символика юрты в
сборнике «Казахстанские сказки» Ю.Серебрянского:
апробация методики социального чтения..... 49
Адибаева Ш.Т., Абуова Б.П. Ю.Серебрянскийдің
«Қазақстан ертегілері» жинағындағы киіз үй
символикасы: элеуметтік оқылым әдістемесін
апробациялау
Adibayeva Sh.T., Abuova B.P. The symbolism of the yurt
in Y.Serebriansky's "Kazakh Fairy Tales": testing the
methodology of social reading

Alekseev P.V. The image of the Kazakh steppe in Annette
Meakin's "A Ribbon of Iron" (1901)..... 56
Алексеев П.В. Аннетт Микиннің «A Ribbon of Iron»
(1901) еңбегіндегі қазақ даласының бейнесі
Алексеев П.В. Образ казахской степи в травелог
Аннетт Микин «A Ribbon of Iron» (1901)

Андасова М.М. Метаморфозы миров в «Кодзики
(Записи о деяниях древности)»..... 66
Андасова М.М. «Кожики» («Ежелгі заманның істері
туралы жазбалар») шығармасындағы әлемдердің
метаморфоздары
Andassova M.M. Metamorphoses of worlds in "Kojiki"
(Records of Ancient Matters)

Valieva Z.R. Russian-language literature progress in
Kazakhstan..... 74
Валиева З.Р. Қазақстанда орыс тіліндегі әдебиеттің
дамуы
Валиева З.Р. Развитие русскоязычной литературы в
Казахстане

**Abai Kazakh National
Pedagogical University**

BULLETIN
Series "Philological Sciences"
No. 3(93), 2025.

Periodicity - 4 issues per year.
Published since 2000.

Editor-in-chief
Doctor of Philological Sciences, Professor
Abisheva S.

Deputy Editor-in-chief
Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.

Scientific Editor
PhD, Associate Professor **Sabirova D.**

Editorial board
Candidate of Philological Sciences,
Associate Prof. **Zhirenov S.**
Candidate of Philological Sciences,
Associate Prof. **Satemirowa D.**
Doctor of Philological Sciences, Prof.,
Al-Farabi Kazakh National University
Dzholdasbekova B.
Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.,
Al-Farabi Kazakh National University
Salkhanova Zh.
Doctor of Philological Sciences, Prof.,
Kazakh National Women's Teacher Training
University **Kiyнова Zh.**
PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh
National Academy of Arts **Zhalalova A.**
Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN
Bakhtikireeva U. (Russia)
Doctor of Philological Sciences, Associate Prof.,
Gorno-Altaysk State University
Alekseyev P. (Russia)
Doctor of Philological Sciences,
Prof., University of Warmia and Mazury
Kiklewicz A. (Poland)
PhD, Prof., George Washington
University **Rollberg P. (USA)**
PhD, Prof., University of Central Lancashire
Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary
PhD, Associate professor **Serikova S.**

Technical Secretary
Candidate of Philological Sciences,
Associate professor **Osmanova Z.**

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2025

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 28.09.2025.
Format 60x84 1/8. Volume 16.75
teaching and publishing lists. Order 454.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Варга П. Рудольф Штейнер и его учение в русской
культуре рубежа XIX-XX веков: хроника становления
антропософского общества в дореволюционной России.. 86

Варга П. Рудольф Штейнер және оның XIX-XX
ғасырлар тоғысындағы орыс мәдениетіндегі ілімі:
революцияға дейінгі Ресейдегі антропософиялық
қоғамның қалыптасу шежіресі

Varga P. Rudolf Steiner and his teachings in Russian
culture at the turn of the 19th-20th centuries: a chronicle of
the formation of the anthroposophical society in pre-
revolutionary Russia

Қадыр Ә. Абай Құнанбаев және Тейіпжан Әлиев..... 97

Кадыр Ә. Абай Құнанбаев и Тейіпжан Алиев

Kadyr A. Abai Kunanbayev and Teipzhan Aliyev

Сабирова Д.А., Бай С. Концептуальные основы
изучения образа Казахстана..... 104

Сабирова Д.А., Бай С. Қазақстан бейнесін зерттеудің
концептуалдық негіздері

Sabirova D.A., Bai X. Conceptual foundations for studying
the image of Kazakhstan

Сисенбай А.Ж., Кушкимбаева А.С., Абдрахманова Ж.М.
Диалог формаларының көркем дискурстағы
функционалдық рөлі..... 113

Сисенбай А.Ж., Кушкимбаева А.С., Абдрахманова Ж.М.
Функциональная роль форм диалога в художественном
дискурсе

Sisenbay A.Zh., Kushkimbayeva A.S.,
Abdrakhmanova Zh.M. The functional role of dialogue
forms in literature discourse

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Атембаева Г.А., Есетова А.Т., Бекбаева Д.Р.
Интеграция современных цифровых технологий в
системе языкового образования..... 121

Атембаева Г.А., Есетова А.Т., Бекбаева Д.Р. Тілді
білім беру жүйесіндегі қазіргі цифрлық
технологияларды интеграциялау

Atembayeva G.A., Yesetova A.T., Bekbayeva D.R.
Integration of modern digital technologies in the system of
language education

Біздің авторлар..... 129

Наши авторы..... 131

Our authors..... 133

11. Lavrov A.V. (2015). *Simvolisty i drugie. Stat'i. Razyskaniia. Publikatsii* [Symbolists and others: Articles, investigations, publications]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie. [in Russian]
12. Novikov L.A. (2017). *Moskovskii Geteum. Neskol'ko slov ob antroposofskoi topografii Moskvы 1920-kh godov* [The Moscow Goetheum: A few words about the anthroposophical topography of Moscow in the 1920s]. In D. Obolecсka, M. Rzeczycka, D. Moskovskaia, & M. Fedorov (Eds.), *Antroposofskii arkhiv Ludviga Aleksandroviсha Novikova* [Anthroposophical archive of Ludvig Aleksandrovich Novikov] (pp. xx–xx). Gdańsk; Moscow: Wydawnictwo Uniwersytetu Gdańskiego. [in Russian]
13. Turgenieff A. (1993). *Erinnerungen an Rudolf Steiner und die Arbeit am ersten Goetheum*. Stuttgart: Verlag Freies Geistesleben. [in German]

МРНТИ 17.82.10

10.51889/2959-5657.2025.92.3.011

Қадыр Ә. 
Орталық ұлттар университеті
Бейжің, Қытай
e-mail: ekberqadir@126.com

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЖӘНЕ ТЕЙІПЖАН ӘЛИЕВ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ елінің ұлы ақыны, қоғам қайраткері Абай Құнанбайұлы пен Қытайдың атақты ұйғыр ақыны Тейіпжан Әлиевтың өмірі, жасампаздығы және білім алу, халқының қамын ойлау, ынтымақтылық қатарлы негізгі мәселелердегі ұқсастығы салыстырмалы түрде қарастырылады. Сонымен бірге мұндай ұқсастықтардың бұл екі ақынның әдеби жасампаздығына қандай ықпал көрсеткендігі айтылады. Бұл мәселеде Абай мен Тейіпжанның өлеңдері мысалға алына отырып, ұқсас тақырып, ұқсас мазмұнмен бірге екі ақынның жасампаздығы да өзіндік ерекшеліктерімен көрсетіледі. Сонымен қатар Тейіпжанның жас кезінен бастап Абай өлеңдерін оқып, сол өлеңдердің мазмұны мен формасы жағынан алған әсері өзінің де шығармашылығын дамытуға негіз болғаны айтылады. Оған дәлел – Тейіпжанның да «Сегізаяқ» деген өлең жазуы.

Сонымен бірге екі ақынның шығармашылығында ұқсастық қалай қалыптасты, қайдан пайда болды деген мәселе қарастырылады.

Түйін сөздер: жасампаздық, форма, мазмұн, ерекшелік, ұқсастық

Кадыр Ә. 
Центральный университет национальностей
Пекин, Күтай
e-mail: ekberqadir@126.com

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ И ТЕЙІПЖАН АЛИЕВ

Аннотация

В данной статье проведен сравнительный анализ жизни и творчества великого казахского поэта, общественного деятеля Абая Кунанбаева и известного уйгурского поэта из Китая Тейпжана Алиева в таких ключевых областях, как образование, отношения к людям и солидарности. Также будет рассмотрено, как эти сходства повлияли на литературное творчество двух поэтов. В статье в качестве примеров рассматриваются стихотворения Абая

и Тейпжана, исследуется творчество обоих поэтов, отмечается сходство с тематикой, а также показана их особенность. Авторы отмечают, что Тейпжан, с юных лет читавший стихи Абая и находившийся под влиянием содержания и формы этих стихотворений, стал основой для развития своего собственного творчества. Свидетельством этого является стихотворение Тейпжана «Сегизаяк».

Кроме того, будет рассмотрен вопрос о том, как сформировалось и откуда взялось сходство в творчестве двух поэтов.

Ключевые слова: творчество, форма, содержание, своеобразие, сходство

Kadyr A. 
Minzu University of China
Beijing, China
e-mail: ekberqadir@126.com

ABAI KUNANBAYEV AND TEIPZHAN ALIYEV

Abstract

This article provides a comparative analysis of the life and work of the great Kazakh poet, public figure Abai Kunanbayev and the famous Uighur poet from China Teipzhan Aliyev in such key areas as education, attitudes towards people and solidarity. It will also be considered how these similarities influenced the literary work of the two poets. The article examines the poems of Abai and Teipzhan as examples, explores the work of both poets, notes the similarity with the subject, and also shows their peculiarities. The authors note that Teipzhan, who read Abai's poems from a young age and was influenced by the content and form of these poems, became the basis for the development of his own creativity. Evidence of this is Teipzhan's poem "Segizayak".

In addition, the question of how the similarity in the works of the two poets was formed and where it came from will be considered.

Keywords: creativity, form, content, originality, similarity

Кіріспе. Тейіпжан Әлиев – Қытайдағы ұйғыр әдебиетінің XX ғасырдағы атақты өкілдерінің бірі. Ол мемлекет іші мен шетелге танылған атақты ақын, әдебиет қайраткері. Тейіпжан өзінің көптеген өлең, дастан, мақалаларымен ұйғыр әдебиетінде ғана емес, сонымен бірге Қытай Халық Республикасының әдебиетінде де ерекше орын алды. Ол кезінде Қытай мемлекеттік жазушылар қоғамы төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған. Сондай-ақ бүкіл мемлекеттік аз ұлттардың әдеби шығармашылық жұмыстарына жауапты қызметкер болған.

Тейіпжан Әлиев 1930 жылы 12 сәуірде Қытайдағы Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданының Қорғас ауылында дүниеге келген. Оның шығармашылық жолы 1945 жылдан бастау алады. 1989 жылы дүниеден өткенге дейінгі 45 жыл ішінде 1000-ға тарта өлең жазған. 1951 жылы Алматы қаласындағы «Жаңа өмір» журналдар баспасынан оның тұңғыш өлеңдер жинағы «Шәрік нахшиси» (Шығыс әні) жарық көрді. Содан кейінгі жылдары Тейіпжан Әлиевтың «Тынchлық нахшиси» (Тыныштық әні), «Түгимес нахша» (Таусылмас ән), «Запму чырайлық кәлди бахар» (Ерекше көркем келді көктем), «Бахар илхами» (Көктем шабыты), «Вәтинимни күйләймән» (Отанымды жырлаймын), «Талланған шиырлар» (Таңдамалы өлеңдері), «Янтақ» (Жантақ), «Төһмәт құрбани» (Қастандық құрбаны) атты өлеңдер жинағы, дастандар жинағы жарық көрген. Тейіпжан Әлиевтың жазысқан хаттары және мақалаларының жинағы болған «Әсәрләр» (Шығармалар) атты кітабы жарық көрген. Бұдан басқа оның әндерінің бір бөлігі қытай тіліне аударылып 1980 жылы Қытай мемлекеттік жазушылар баспасынан «Тейіпжан өлеңінен таңдамалылар» деген атпен жарияланған. 2014

жылы 4 томдық толық жинағы «Тейіпжан Әлиев әсәрлери» (Тейіпжан Әлиев шығармалары) деген атпен Шыңжаң халық баспасынан басылып шыққан.

Бұдан басқа ақын аударма еңбектер (соның ішінде классик ақын Чүйәннің «Жудалық зары» (Жалғыздық зары) аудармасын ерекше атауға болады) мен бұрынғы өткен ақындар поэзиясын өңдеу, жинақтау және баспаға ұсыну (мысалы «Әлішер Науаи ғазәллири» (Әлішер Науаи өлеңдері), «Ұйғыр классик әдебиатидин нәмунилар» (Классикалық ұйғыр әдебиетінің өрнектері), «Низари дастанлери» (Низаридің дастандары) жұмыстарын атқарады.

Тейіпжан Әлиев әдеби шығармашылыққа келер алдында әлемнің көптеген атақты ақын-жазушылары сияқты алдымен өз ұлтының халық ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиетін терең зерттеп, сонымен бірге дүниедегі атақты ақындардың шығармашылығынан сусындаған. Соның нәтижесінде, Тейіпжанның шығармашылығы түрленіп, жаңаша өң алған. Атап өтсек, орыс, қазақ, өзбек, татар ұлттарының әдебиеті Тейіпжанның ақындық ғұмырына әсер етіп, оны әлем әдебиетімен тығыз байланыстырды.

Материалдар мен әдістер. Тейіпжан Әлиевтың (1930-1989) әдеби шығармашылықта жоғары атақтарға қол жеткізуінде Әлішер Науаиге ұқсастығы бар әлемге танымал ұлы ақын Абайдың өзіндік үлесі бар. Тейіпжан Әлиевтың өсіп-жетілу жолын, өлең шығармашылығын қарастырсақ, Абай Құнанбаевтың салып кеткен іздерін байқауға болады. Тейіпжан Әлиев өзінің шығармашылығы жөнінде жазған мақалаларынан, берген сұхбаттарынан белгілі болғандай жас кезінде әдебиетке ерекше мән бере бастаған кезде кириллица жазуын үйреніп, Кеңес Одағынан келетін қазақша, өзбекше кітаптарды оқыған. Мұның ішінде Абайдың өлеңдері де бар.

Нәтижелер мен талқылаулар. Тейіпжан өз шығармашылығында Абай өлеңдеріндегі тақырып пен суреттеуден зор әсер алған. Атап айтқанда, Абай өлеңдеріндегі еңбекқорлыққа баулу, ел үшін қызмет ету, жастық шақта білім алу секілді ойларға терең мән беріп, жастық шақта жалқаулыққа бой алдырып бекерге шашу, мақтаншақтыққа берілу, ашкөздік секілді жаман қасиеттерді сынға алатын ойлары жас Тейіпжанға ерекше әсер беріп, оның шығармашылығында жақсы қадам басып, өлеңдер жазуына түрткі болды.

Тейіпжанның 1950-жылдары 20 жасында жазған «Жастығым», «Еңбекқор жігіт» деген сияқты өлеңдері Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңімен тамырлас екенін байқау қиын емес. Сондай-ақ осы өлеңдері Абай өлеңдерінен алған шабыттың ең бастапқы көрінісі болып саналады.

Абай мен Тейіпжан екі дәуір, екі басқа тарихи қоғамдық жағдайда өмір сүрген ақындар, бірақ бұл екеуінің өсіп жетілу жолдары мен сіңірген тәрбиесінен бір-біріне жақындық, яғни ұқсастығының бар екендігін байқауға болады.

Абай да, Тейіпжан да бала кезінде шешесі, яки әжесі айтып берген халық ауыз әдебиетіндегі ертегілер мен қара өлеңдерін көп тыңдап, тәрбие алған. Сондай-ақ Абай да, Тейіпжан да халықтың қара өлеңдерін көп жаттап, екеуі де он жасқа келген кезде өздігінен өлең жаза бастаған. Бұл екі ақынның шығармашылығына шығыс поэзиясының әсері байқалады. Екеуі де Әлішер Науаиды өзіне ұстаз тұтқан. Мәселен, Абай 14 жасында былай деп өлең жазады:

Физули, Шамси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси.
Хожа Хафиз – бу бәрі,
Мәдәт бер я шағири фарияд [1; 45].

Тейіпжан болса, 18 жас кезінде «Науаиге» деген атты өлеңінде Науаиге өз құрметін білдіріп былай деп өлең жазады:

*Шуңа барча саңа амрақ, тола амрақ,
Шуңа намың яшайды мәңгугә парлақ [2; 24].*

Мұндағы ақынның айтпағы «Науаиды барша халық қадір тұтады, оның атағы мәңгілікке жасай береді» деген сөз.

Абай орыс тілін үйреніп, орыс ақындары Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың шығармаларын оқып, олардың сол заманға үйлесетін ойларын қабылдаған. Сонымен бірге сол дәуірдің ескішіл идеяларына қарсы шығады. Ғылым мен мәдениеттің жаңа үлгісін халыққа насихаттайды. Тейіпжан да өздігінен славян жазуын үйреніп орыс ақындарынан Пушкин, Маяковский, Исаковскийдің өлеңдерін оқиды. Сонымен бірге ол Абай секілді сол заманғы ескіліктің қараңғылығын өз өлеңдерімен жарықтандыруға ұмтылады. Тейіпжан Пушкинге арнаған «Сенің әнің» атты өлеңінде былай деп жазады.

Сенің әрк күйлиген нақшаң гөйә иалқұн болоп йанды,

Әсірлердің келіп алқып менің көңілімгә от салды [2; 63].

Бұл өлеңінде ақын Пушкиннің азаттықты, бостандықты жырлап жазған өлеңі мені де солай жырлауға бастап отыр дегенді айтады. Абай 14 жасқа келгенде оқудан оралып, әкесінің ықпалымен ел басқару жұмыстарына араласа бастайды. Бұл кезде Абай елдің арасында жүріп, елмен бірге болып, халқының қамын жейді. Абай өзінің «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» деген өлеңінде осы жайтты ашық білдіреді. Тейіпжан да 14 жас кезінде оқуын тоқтатуға мәжбүр болып, ел арасына барып еңбек етеді. Сөйтіп халқының тұрмыс жағдайын көзбен көріп, олардың жоқ-мұқтажын терең түсінеді. Абай да, Тейіпжан да халық арасында жүрген кезде қара өлеңге ерекше мән беріп, рухани жақтан толысады. Міне, бұл жағдайлар бұл екі ақынның шығармашылығына жақындық алып келуімен бірге олардың қоғам дамуына байланысты, халқының тұрмысына байланысты ойларын да жақындастырды. Мысалы, Абай өзі ел басқарған әулеттен шыға тұра, олардың озбырлығына қарсы тұрады. Өйткені ол халқының қамын ойлап мансапқорлықтан баз кешеді. Ол билеушілердің халықты тонап, малмен мансапты сатып алғандығын әшкере етіп, оған өзінің өлеңдерімен қарсы тұрады. Абай «Күлембайға» деген өлеңінде:

Болыс болдым, мінекей,

Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта жал,

Қалмады елге тығындап [3; 79].

Тейіпжан дін өкілдері әулетінен шыққан ұрпақ. Бірақ ол да дін өкілдерінің қара халықты алдап, олардан пайда көріп күн көретін тұрмысын сынға алады.

Реакар сопылар, меккар келеді,

Иуған сәліні дәстәк қылиду [4; 38].

Біз байқап отырсақ, осы екі ақынның өлең жазулары ұқсас екенін көреміз. Олар өлеңді халықтың қамын ойлап, оларға білім мен мәдениетті үйрету құралы ретінде көрсеткенін көреміз. Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінде былай дейді:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тіл орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін [3; 103].

Енді Тейіпжан «Шиыр иазмығым виждан іши» (Өлең жазбағым ождан ісі) деген өлеңінде былай дейді:

Шиыр язмығым һеуестін иемес,

Мен иүчүн шиыр уыждан иышы, бес.

Пікір – иүрүгүм, мысралар – томұр,

Һеріплер – қиным, вәзінлер – непес [4; 97].

Бұл екі ақынның өлең тілі қалай болу керек туралы айтқан қорытындылары ұқсас. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы» атты өлеңінде өлең тілі «Тілге жеңіл, жүрекке жылы

тиіп» тұратын болу керек деп қарайды. Тейіпжан болса «Шиыр мешріпі» өлеңінде өлең тілінің «Көңілдің қошын көтеретін қасиеті» болатын көрсетеді.

Абай да, Тейіпжан да білімді жас кезінен үйренген. Абай 13 жасқа келгенде Семейдегі орыс мектебіне кіріп, өздігінен қоғамдық ілімдерді үйренген. Сондай-ақ өлеңнің негізін қалаған. Тейіпжан болса, 14 жасында Құлжа қаласына келіп, гимназияда орталау білімді кешкі мектепте оқып алады. Міне, осындай жағдайлардан екі ақынның да адамзаттың жастық шағына деген көзқарастары да ұқсас болғанын көреміз. Екеуі де жастық шақты адамзат үшін ең бір қызықты шақ және білім алуға ең лайықты қымбат кез деп қарайды. Бұл ойды Абайдың «Білім таппай мақтанба» деген өлеңінен көрсек, Тейіпжанның «Ішжан жігіт» (Еңбекқор жігіт) деген өлеңінен көрінеді.

Бұл екі ақынның адамның шынайы махаббат турасындағы көзқарасы да бір арнаға тоғысады. Мысалы, Абай өзінің өлеңдерінде шынайы махаббат, шынайы ғашықтық әрдайым пәк жүректе болатынын, оны тілмен айтып жеткізуге болмайтынын көрсетіп «ғашықтың тілі – тілсіз тіл» деп жазса, Тейіпжан махаббаттың тілі «мухаббат тили жүрәккә талық» (махаббат тілі жүрекке тән) деп жазды. Абай махаббат туралы өлең өрнегін былай деп өрбітсе;

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл [3; 206]
Тейіпжан:

Мухаббат тили жүрәккә талық,
Бу оның шуншилиқ әвзәлликидин.
Биана игит дәп рәнжима мәндин.
Қорқыман сөйгүнің әрзанликидин [2; 221]

деп жалғастырады.

Сонымен бірге мына жайтты да ерекше атап көрсету қажет. Бұл екі ақынның кейбір кезде табиғат құбылыстарын сипаттауы да, оны тануы да ұқсас болып келеді. Мысалы Абай «Қыс» атты өлеңінде қысты «ақ киім киген, ақ сақалы бар, үсті-басын қырау басқан, қабағынан қар жауған кәрі адам» сипатында суреттесе, Тейіпжан «Қыс кетті» атты өлеңінде қысты «өңі суық, аяғына мұз қатқан, демімен үскірік аяз бүркетін, елді шаяндай шағатын, денесінде күш-қуаты сарқылған қартаң адамға» теңеп жазады.

Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды [3; 75].

Тейіпжан:

Тәләтидин қар иаққан,
Айығыға мұз қатқан.
Бүркіп соғуқ демини,
Худды шаяндай чаққан –
Шәпкити иок, сәпра қыш
Сезіп иазның есіне
Қашты әмде диңгослап [4; 4].

Абай қыс мезгілінің басталған кезін өлеңмен суреттесе, Тейіпжан қыс мезгілінің аяқталар уақытын өлеңге арқау еткен. Қарап тұрсақ екі ақынның өлең мазмұны бірін-бірі толықтырып, қыстың образын толық ашқан деуге негіз бар.

Тейіпжан кейбір кездерде Абайдың қара сөздеріне жақындастыра отырып өлеңдер жазады. Мысалға алар болсақ, Абай адамдардың тағдырлас болатын, олардың ағалар мен інілер секілді бауырлас болып өмір сүретінін кестелеп

Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер» [5; 85]

деп 37-қара сөзінде жазса, Тейіпжан дәл осы ойды өлеңмен былай жеткізеді:

Бұл һаятның хошлығы,
Чин көңілнің дослығы.
Тозымас достық гүлі,
Қышлығы әм иазлығы [2; 163].

Жоғарыдағы жолдарды салыстырсақ, «бұл дүние достықтан, бауырмалдықтан тұрады» деген ақиқаттың бұл екі ақынды ойландырған ұқсас түсінік екені көрінеді.

Тейіпжан өмірінің соңында Абайдың ізімен жүріп тұрмыстағы арамзалық жасау, мақтаншақтыққа бой алдыру секілді жағымсыз қасиеттерді сынаған «Ғайбатқорлық – шарманды кесел» (Өсек айту – ауыр кесел), «Көңлі аланың қазаны төшік» (Көңілі ала адамның қазаны тесік), «Сопы болып алған адам» (Сопысымақ адам), «Иалған мақташ му бір ғыл төһмат» (Өтірік мақтау жала жабумен бірдей) деген атпен бірқатар ғақлиятты қара сөздер жазады.

1956 жылы Тейіпжан Қытай елінің достық делегациясы құрамында сол кездегі Кеңестер Одағының бірнеше қалаларына барып қайтады. Қазақстанға жасаған сапарында Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңімен танысады. Елге қайта оралғанда Абайдың өлеңіне еліктеп «Сегіз аяқ» өлеңін жазып жариялайды. Бұл өлеңнің тақырыбының қасына ақын былай деп көрсетеді: «Бұл өлең қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың белгілі «Сегіз аяқ» өлеңінің желісінде жазылды». Енді Тейіпжан жазған өлеңінің бір бөлігін келтірейік:

Көрдүм әлемдін,
Зеһерлік ғәмдін,
Құтұлған азат илыңны.
Қара көлеңгү,
Йоқұлұп мәңгү,
Нұрланған ават илыңны.
Зоқұм келді өлкеңгә,
Қошұлдұм мен күлкеңгә.
Шәһәрлірің бағ,
Хұш пұрақ, хұш чағ,
Күндүзгә охшаш ахшымы.
Иыш гүдүклірің
Истанұкларың,
Ийитыдұ полат нахшыны.
Ярашқан нахшаң каддыңге
Иитыптұ заман қәдрыңге.
Тырактұр маңған,
Әжріңге қанған,
Ашлық диңызы жұш урған.
Башақлар данға,
Чешлер хаманға,
Німәтке толған дастырхан [6; 50].

Абайдың «Сегізаяғында» сол кездегі қазақ халқының алаңсыз тіршілігі, өнер-білімге бей-жай қарауы, жұтаң тіршілігі секілді қасиеттері сыналады. Сонымен бірге ақын халықты болашаққа осы бастан икемделіп жақсы тұрмыс кешуге шақырады. Тейіпжанның «Сегізаяғында» қазақ даласына келген өзгерістер, дамулар көрсетіліп, Абай айтқан болашақтың орындалғаны көрсетіледі. Тейіпжан өзінің «Сегізаяғында»

Абайдың ғымы,
Көзінің неме,
Төгілген күна дардеңге [6; 51].

Мұнда Тейіпжан Абайға жауап беріп қазіргі кезде заман өзгергенін, ақынның айтып кеткен дүниесінің қазіргі кезде бар болғанын, халықтың білім алып, өнер игеріп, еңбекке етуге ден қойғанын, ынтымақты тұрмыс кешіп жатқанын көрсетеді.

Тейіпжанның Абай жазған «Сегізаяқпен» ертеден таныс екендігі көрінеді. Өйткені, Тейіпжан жазған «Сегізаяқ» өлеңінің құрылысы Абайдың «Сегізаяқ» өлеңінің құрылысына ұқсас өрілген. Тейіпжанның «Сегізаяғы» Абайдың «Сегізаяғы» секілді халық жағдайын қашықтан бажайлап, сырттан қарап отырып суреттейді. Оның үніне өзіндік үн қосады.

Қорытынды. Қорыта айтсақ, Абай Құнанбаев пен Тейіпжан Әлиевтың бір-біріне ұқсайтын жерлері бар. Бұлардың бәрі кезіндегі олар жасап тұрған қоғамдық жағдаймен байланысты болып келсе, тағы бір жақтан олардың әдебиеттің құны, адамгершілік қасиет, өмірлік ұстаным қалай болу керек деген секілді мәселелерден алған сезімінің жақындығынан шығады. Атап айтсақ, бұл екі ақынның екеуі де 14 жасынан бастап өлең жазуға кіріскен. Екеуі де ғұмырының 45 жылын шығармашылықпен өткізген. Екеуі де 59 жасында қайтыс болған. Олардың өлеңдерінің мазмұны ұқсас болып келуімен қатар, өлең өрнегі мен өлшемінде белгілі бір деңгейде жақындық бар екенін байқаймыз.

Тейіпжан Абайдың өлең кестелеуін үйреніп қана қоймай өз заманына лайықтап дамыта да білген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбайұлы А. Абай өлеңінен таңдамалылар. – Күйтің: Іле халық баспасы, 2009. – 149 с.
2. Әлиев Т. Шығармалар жинағы: в 2 т. Т. 1. – Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 2014. – 428 с. – На уйгур. яз.
3. Құнанбайұлы А. Өлеңдері мен аудармалары. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1980. – 40 с.
4. Әлиев Т. Шығармалар жинағы: в 2 т. Т. 2. – Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 2014. – 485 с. – На уйгур. яз.
5. Құнанбайұлы А. Абай ғақлиялары (қазақша–қытайша аударма нұсқалары). – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2008. – 246 с.
6. Әлиев Т. «Сегізаяқ» өлеңі // Шынжаң әдебиет-көркемөнер журналы. – 1956. – №7. – С. 50-51.
7. Сүйіншіәлиев Х.Ж. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956.

References:

1. Kunanbaiuly A. (2009). Olenen tañdamalilar [Selected poems]. Kuitin: Ile khalyk baspasy. [in Kazakh]
2. Aliyev T. (2014). Shygarmalar zhinagy. I tom [Collected works. Vol. I]. Urimshi: Shynzhan khalyk baspasy. [in Uighur]
3. Kunanbaiuly A. (1980). Olenederi men audarmalary [Poems and translations]. Beijing: Ulttar baspasy. [in Kazakh]
4. Aliyev T. (2014). Shygarmalar zhinagy. II tom [Collected works. Vol. II]. Urimshi: Shynzhan khalyk baspasy. [in Uighur]
5. Kunanbaiuly A. (2008). Abai gakiyalary (kazaksha-kytaisha audarma nuskalary) [The Book of Words (Kazakh-Chinese translation edition)]. Beijing: Ulttar baspasy. [in Kazakh/Chinese]
6. Aliyev T. (1956). “Segizayaq” oleni [The poem “Segizayaq”]. Shynzhan adebiet-korkemoner zhurnaly, 7, 50-51. [in Kazakh]
7. Suyinshaliyev Kh.Zh. (1956). Abai's The Book of Words. – Almaty: Kazakh State Publishing House of Literature. [in Kazakh]

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Алламуратова Айсанем Жалгасбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Профи» университеті, Ташкент қ., Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: aysanem69@mail.ru

Алламуратова Гүлсанем Жалгасбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Мамун академиясы, Хорезм қ., Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: gulsanem69@mail.ru

Таджибаева Дилноза Музаффаровна – магистр, Журналистика және бұқаралық коммуникациялар университеті, Ташкент қ., Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8377-1258>, e-mail: tadjibaevallmi@gmail.com

Ашимова Малика Ганиеқызы – магистр, аға оқытушы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3617-8744>, e-mail: malikaamg@yandex.kz

Шүкенай Гүлім Төлеуқызы – PhD докторы, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5214-8427>, e-mail: g.chukenaeva@zu.edu.kz

Чалтикенова Лазат Аляхиметовна – филология ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9317-9086>, e-mail: lyazzat.chaltykenova.59@mail.ru

Канафина Зарина Талапкеровна – магистр, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3269-5331>, e-mail: zarinakanafina100@gmail.com

Киклевич Александр Константинович – филология ғылымдарының докторы, профессор, Вармин-Мазур университеті, Журналистика және әлеуметтік коммуникация институты, Ольштын қ., Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6140-6368>, e-mail: aleksander.kiklewicz@uwm.edu.pl

Пашан Дана Мұсабекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0583-862X>, e-mail: pashan_dan@mail.ru

Жуманқызы Алтын – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Ономастика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-8268-924X>, e-mail: altyn.zhumanova02@mail.ru

Батырбекова Камшат Айшыгаровна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2376-921X>, e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

Адибаева Шолпан Тимурқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ және орыс тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Сәтбаев университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Абуова Бибижан Паркуловна – докторант, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8976-0959>, e-mail: bibizhan@mail.ru

Алексеев Павел Викторович – филология ғылымдарының докторы, профессор, Горно-Алтай мемлекеттік университеті, Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, Горно-Алтайск қ., Ресей, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3680-1785>, e-mail: pavel.alekseev.gasu@gmail.com

Андасова Марал Мұрзақалиқызы – PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2508-8452>, e-mail: andassova872@gmail.com

Валиева Земфира Ринатовна – докторант, филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6774-3171>, e-mail: zemfira.valieva@mail.ru

Варга Патрик – PhD докторы, Оломоуц Палацкий университеті, Философия факультеті, славистика кафедрасының оқытушысы, Оломоуц қ., Чехия. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7510-2672>, e-mail: patrik.varga@upol.cz

Қадыр Әкбер – филология ғылымдарының докторы, профессор, Аз ұлттар тіл-әдебиеті институты, Орталық ұлттар университеті, Бейжің қ., Қытай, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5723-2570>, e-mail: ekberqadir@126.com

Сабинова Дина Алтаевна – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6001-5314>, e-mail: dinasabirova84.kz@mail.ru

Бай Сяоюй – магистрант, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3967-4955>, e-mail: baixiaoyu951@gmail.com

Сисенбай Арай Жайлауқызы – 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті 2-курс магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6301-3322>, e-mail: aray.zhailau@gmail.com

Қушкимбаева Айнур Серикбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>, e-mail: alitok@mail.ru

Абдрахманова Жұмазия Мажитқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1966-2357>, e-mail: Azhm63@mail.ru

Атембаева Гульнара Айдашевна – докторант, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Есетова Айнура Такеевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9705-8345>, e-mail: esimail5577@gmail.com

Бекбаева Дина Ризабековна – аға оқытушы, Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6590-4222>, e-mail: di.becbaeva@mail.ru

НАШИ АВТОРЫ

Алламуратова Айсанем Жалгасбаевна – кандидат филологических наук, доцент, Университет «Профи», г. Ташкент, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: aysanem69@mail.ru

Алламуратова Гульсанем Жалгасбаевна – кандидат филологических наук, доцент, Академия Мамуна, г. Хорезм, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: gulsanem69@mail.ru

Таджибаева Дилноза Музаффаровна – магистр, Университет журналистики и массовых коммуникаций, г. Ташкент, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8377-1258>, e-mail: tadjibaevallmi@gmail.com

Ашимова Малика Гениевна – магистр, старший преподаватель, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3617-8744>, e-mail: malikaamg@yandex.kz

Шүкенай Гулім Төлеуқызы – доктор PhD, преподаватель-лектор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5214-8427>, e-mail: g.chukenaeva@zu.edu.kz

Чалтикенова Лазат Аляхметовна – кандидат филологических наук, преподаватель-лектор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9317-9086>, e-mail: lyazzat.chaltykenova.59@mail.ru

Канафина Зарина Талапкеровна – магистр, преподаватель кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3269-5331>, e-mail: zarinakanafina100@gmail.com

Киклевич Александр Константинович – доктор филологических наук, профессор, Институт журналистики и социальной коммуникации Варминско-Мазурского университета, г. Ольштын, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6140-6368>, e-mail: aleksander.kiklewicz@uwm.edu.pl

Пашан Дана Мусабековна – кандидат филологических наук, старший научный сотрудник Института языкознания имени Байтурсынова, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0583-862X>, e-mail: pashan_dan@mail.ru

Жуманқызы Алтын – младший научный сотрудник отдела Ономастики, Институт языкознания им. А. Байтурсынова, г. Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0004-8268-924X>, e-mail: altyn.zhumanova02@mail.ru

Батырбекова Камшат Айшигаровна – докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2376-921X>, e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

Адибаева Шолпан Тимуровна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Абуова Бибижан Паркуловна – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8976-0959>, e-mail: bibizhan@mail.ru

Алексеев Павел Викторович – доктор филологических наук, профессор кафедры русского языка и литературы, Горно-Алтайский государственный университет, г. Горно-Алтайск, Россия, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3680-1785>, e-mail: pavel.alekseev.gasu@gmail.com

Андасова Марал Мурзакалиевна – доктор PhD, Казахский национальный Университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2508-8452>, e-mail: andassova872@gmail.com

Валиева Земфира Ринатовна – докторант факультета филологии и гуманитарных наук, Таразский университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6774-3171>, e-mail: zemfira.valieva@mail.ru

Варга Патрик – доктор PhD, преподаватель кафедры славистики философского факультета, Университет Палацкого, г. Оломоуц, Чехия, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7510-2672>, e-mail: patrik.varga@upol.cz

Қадыр Әкбер – доктор филологических наук, профессор, Центральный университет национальностей, Институт языка и литературы национальных меньшинств, г. Пекин, Китай, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5723-2570>, e-mail: ekberqadir@126.com

Сабинова Дина Алтаевна – доктор PhD, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6001-5314>, e-mail: dinasabirova84.kz@mail.ru

Бай Сяоюй – магистрант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3967-4955>, e-mail: baixiaoyu951@gmail.com

Сисенбай Арай Жайлауқызы – 7M01701-магистрант 2 курса казахского языка и литературы, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6301-3322>, e-mail: aray.zhailau@gmail.com

Кушкимбаева Айнур Серикбаевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>, e-mail: alitok@mail.ru

Абдрахманова Жумазия Мажитовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1966-2357>, e-mail: Azhm63@mail.ru

Атембаева Гульнара Айдашевна – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Есетова Айнура Такеевна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9705-8345>, e-mail: esimail5577@gmail.com

Бекбаева Дина Ризабековна – старший преподаватель русского языка Университет международного бизнеса, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6590-4222>, e-mail: di.becbaeva@mail.ru

OUR AUTHORS

Allamuratova Aisanem Zhalgasbayevna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Profi University, Tashkent, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: aysanem69@mail.ru

Allamuratova Gulsanem Zhalgasbayevna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Mamun Academy, Khorezm, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: gulsanem69@mail.ru

Tadjibayeva Dilnoza Muzaffarovna – Master's Degree, University of Journalism and Mass Communications, Tashkent, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8377-1258>, e-mail: tadjibaevallmi@gmail.com

Ashimova Malika Genievna – Master's Degree, Senior Lecturer, I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3617-8744>, e-mail: malikaamg@yandex.kz

Shukenai Gulim Toleukyzy – PhD, Senior lecturer, I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5214-8427>, e-mail: g.chukenaeva@zu.edu.kz

Chaltikenova Lazat Alyakhmetovna – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer, I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9317-9086>, e-mail: lyazzat.chaltykenova.59@mail.ru

Kanafina Zarina Talapkerovna – Master's Degree, Lecturer at the Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3269-5331>, e-mail: zarinakanafina100@gmail.com

Kiklewicz Aleksander Konstantinovich – Doctor of Philological Sciences, Professor, Institute of Journalism and Social Communication, University of Warmia and Mazury, Olsztyn, Poland, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6140-6368>, e-mail: aleksander.kiklewicz@uwm.edu.pl

Pashan Dana Musabekovna – Candidate of Philological Sciences, Senior Researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0583-862X>, e-mail: pashan_dan@mail.ru

Zhumankyzy Altyn – Junior Researcher, Department of Onomastics, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-8268-924X>, e-mail: altyn.zhumanova02@mail.ru

Batyrbekova Kamshat Aishigarovna – Doctoral Student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2376-921X>, e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

Adibayeva Sholpan Timurovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh and Russian Languages, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Abuova Bibizhan Parkulovna – Doctoral Student, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8976-0959>, e-mail: bibizhan@mail.ru

Alekseev Pavel Viktorovich – Doctor of Philological Sciences, Professor, Department of Russian Language and Literature, Gorno-Altai State University, Gorno-Altai, Russia, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3680-1785>, e-mail: pavel.alekseev.gasu@gmail.com

Andassova Maral Murzakalievna – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2508-8452>, e-mail: andassova872@gmail.com

Valieva Zemfira Rinatovna – Doctoral Student, Faculty of Philology and Humanities, M. Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6774-3171>, e-mail: zemfira.valieva@mail.ru

Varga Patrik – PhD, Lecturer, Department of Slavic Studies, Faculty of Philosophy, Palacký University, Olomouc, Czech Republic, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7510-2672>, e-mail: patrik.varga@upol.cz

Kadyr Akber – Doctor of Philological Sciences, Professor, Minzu University of China, Institute of Minority Language and Literature, Beijing, China, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5723-2570>, e-mail: ekberqadir@126.com

Sabirova Dina Altaevna – PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6001-5314>, e-mail: dinasabirova84.kz@mail.ru

Bai Xiaoyu – Master's Student, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-3967-4955>, e-mail: baixiaoyu951@gmail.com

Sisenbay Aray Zhailaukyzy – 7M01701-2nd year master's student of Kazakh language and literature, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-6301-3322>, e-mail: aray.zhailau@gmail.com

Kushkimbayeva Ainur Serikbaevna – Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>, e-mail: alitok@mail.ru

Abdrakhmanova Zhumaziya Mazhitovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1966-2357>, e-mail: Azhm63@mail.ru

Atembayeva Gulnara Aidashevna – Doctoral Student, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Yesetova Ainura Takeevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9705-8345>, e-mail: esimail5577@gmail.com

Bekbayeva Dina Rizabekovna – Senior Lecturer of Russian Language, University of International Business, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6590-4222>, e-mail: di.becbaeva@mail.ru